

Батыс Алаш және оның қазақ мемлекеттігі идеясы жолындағы рөлі

Туякбай З. Рысбеков^а
Салтанат Т. Рысбекова^б
Баян Ғ. Шинтимирова^в

^аМ.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

^бБатыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор

E-mail:

^а tuyakbai.rysbekov@mail.ru

^б Saltanat.Rysbekova@mail.ru

^в ansar_2004@mail.ru

^а [https:// orcid.org/0000-0002-1204-1307](https://orcid.org/0000-0002-1204-1307)

^б [https:// orcid.org/0000-0002-5307-309x](https://orcid.org/0000-0002-5307-309x)

^в [https:// orcid.org/0000-0001-6131-3113](https://orcid.org/0000-0001-6131-3113)

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-138-1-72-92

Аңдатпа. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі таңдағы дамуы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жағдайына, пандемия және басқада қиыншылықтарға қарамастан тарихымыздың әлі де болса шынайы ашылмай, зерттелмей жатқан беттерін саралау мәселесіне ғалымдар ерекше мән беруде. Солардың ішінде ерекше орын алатындары: «Қазақстандағы 20-30 жылдардағы ашаршылық» және «Алаш Орда тарихы» болып табылады.

Қоғамдық ғылымдардың алдына қойылған жаңа талаптарға байланысты, бұрын жабық болып келген архив құжаттарына қолжетімділіктің көбеюіне байланысты тарихшылар қауымы Қазақстан тарихындағы «ақ таңдақтарды» жоюға айтарлықтай үлес қосуда. Соңғы жылдары республика творчестволық жұртышылығының жасаған шараларының нәтижесінде Қазақстанға Сталиндік жеке басқа табыну кезеңінде негізсіз жазаланған көптеген қоғамдық саяси және мәдениет қайраткерлерінің есімдері қайтарылды. Қазақ даласындағы әділет, теңдік және ұлттық мемлекеттілікті көксеген ХХ ғасырдың басындағы ұлттық қозғалыс көшбасшылары - Алаш Орда көсемдері.

«Алаш» қозғалысының басты мақсаттары: ұлтты сақтап қалу, тұтастығын қамтамасыз ету, оның таптар мен топтарға бөлінуіне жол бермеу; қазақ мемлекеттілігін қайта өркендету; қазақ шаруаларының тартып алынған жерлерін қайтару; Қазақстан территориясында тұратындардың барлығының толық теңдігін орнату; ұлттық әскери жасақ құру және т.б.

Өткен тарихымыздың ақтаңдақтарын толық және шынайы тұрғыдан қалпына келтіру-бүгінгі таңдағы тарих ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Оның ішінде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы ұлттық қозғалыстардың тарихы елеулі орын алады. Бұл ең алдымен Қазақстандағы алаш қозғалысына тікелей қатынасы бар.

Мақалада авторлар Алаш Орда өкіметінің құрамдас бөлігі болып табылатын Батыс Алаш және оның көсемдерінің бірі Жаханша Досмұхамедовтың осы мақсаттарды іске асыру жолындағы табанды еңбегін баяндайды.

Түйін сөздер: Батыс Алаш; Жаханша Досмұхамедов; Алаш автономиясы; Ойыл уәлаяты үкіметі; қуғын сүргін жылдары.

1. Кіріспе.

Алаш қозғалысы өзінің бастау көздерін 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан ала отырып, 1917 жылғы жазда тұңғыш жалпыұлттық Алаш партиясын құрды. «Торлаған тұманнан жол таппай халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениетті әлемдік деңгейге көтерген, кәсіби даярлығы заманның сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, С. Лапин, Б. Қаратаев сияқты дүлдідер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, тағы басқалар әрлендірді.

Бұдан, әрине, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шетінен періште болды деген ойтүйін шықпауы керек. М. Дулатов жазғандай, «ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүддіріп, тыңшы болып, шағым жүргізіп жүрген соғылғандар» қай аймақтан да табылатын. Мұндайлар тарихи прогрестің өзегінде тұрған жоқ» [1, бб. 219-220].

Алаш тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігі арасында өзара тарихи байланыс пен сабақтастық бар. Ол біріншіден, XX ғасырдың басы империялық және кеңестік мемлекеттік дағдарысқа ұшырады. Осының өзі қоғамның белгілі бір бөлігінің, атап айтқанда, Алашорданың идеялық дем берушілері мен кеңестік және посткеңестік Қазақстанның саяси жетекшілерінің шешуші қимылдар жасауына түрткі болды. Екіншіден, екі жағдайда да ұлттық қозғалыстар саны арта түсті. Үшіншіден, алашордалықтар қазақтардың мемлекеттік құрылымының түрін, еуразиялық геосаяси кеңістіктегі орнын, өкілеттігі мен мәртебесін өз көзқарастары тұрғысында дамыта білді. XX ғасырдың басында саяси қайраткерлер де саяси

сауаттылық, күрделі міндеттерді шешуде шапшаңдық таныта білді. Өйткені, Кеңес Одағы деп аталатын аса қуатты империя дамып жатты. Осы кезде қоғамды сақтап қалып, жаңа мемлекетті, ұлттың ілгері дамуы үшін қажетті жағдайларды жаңадан құру керек болды. Бұдан бөлек, аталған жағдайда мемлекеттілік – ұлттық мәселелерді шешетін және оны шешудің кілті жатқан негізгі құрал болатын [2, б. 22].

Жанталасқан өтпелі кезеңде қазақ зиялыларының ұстаған бағыты халықтың ұлттық санасын оятты. Ұлт-азаттық күресінің әдіс-тәсілдерін меңгеруге, шынайы азаттыққа жетудің алғы шарттарын қалыптастырды.

Нәтижесінде, Алаш қозғалысының тарихын зерттеуші тарихшы-ғалым М. Қойгелдінің тұжырамдауынша: «1917 жылы Алаш автономиясын құру туралы хабарлама ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың әрекеті болды. «Ресей империясының құрамындағы Алаш автономиясы» деген сөзді айта отырып, Әлихан Бөкейханов қазақтар өз мемлекетін құруға әлі даяр емес дегенді білдіргісі келді. Ол жеке мемлекеттілікке өту үшін даярлық кезеңі қажет, тәуелсіздік туралы мәселені болашақта айтуға болады деді. Желтоқсанның сол бір күндерінде бір кездері Алаш қозғалысы өз алдына қойған мәселелер көтерді. Қазақстанның 1991 жылы мемлекеттілік алуы Алашорда идеясының заңды жалғасы деп есептелінеді [3, б. 3].

Сайып келгенде Алаш қозғалысы қазақ тарихында тұңғыш рет қалың бұқара санасында Бостандық, Теңдік, Туысқандық деген мәңгілік ұғымдардың ұрығын шашты.

Ақпан революциясынан кейін өзінің бастауын 1905-1917 жылдардағы революциялық қозғалысынан алған қазақ интеллигенциясы бірлесу әрекеті «Алаш» қозғалысының қалыптасуына алып келді. Көптеген жерлерде қазақтардың құқығын қорғау жөніндегі комитеттер құрыла бастады. Қазақ даласында бұқараның революциялық оянуы кең етек ала бастады.

Ақпан революциясы солшыл радикалдық күштердің саяси қатынасындағы маңызды, әрі шешуші табысы еді. Қазақ халқы ақпаннан кейінгі жағдайды шаттықпен

қабылдаса, қазаннан кейінгі жағдайда барлығын билік мәселесі толғандырды. Бұл жағдайға А. Байтұрсынов былай деп жазды: «Бірінші революция түсінікті және қазақтар қуанышпен қарсы алды, өйткені біріншіден, оларды патша үкіметінің езгісі мен қорлығынан азат етті, екіншіден, олардың өздерінің арманы – өз бетінше басқару үмітін іске асыруын нығайтты. Екінші революцияның қырғыздарға (қазақтарға) түсініксіз болып көрінетін себебі жәй ғана түсіндіріледі: қырғыздарда (қазақтарда) таптық дифференциямен капитализм жоқ; меншіктің өзі оларда басқа халықтардағыдай шұғыл шектелмеген: көптеген тұтыну заттары оларда қоғамдық игілік деп саналады» [4].

Айта кететін жәй, алаш зиялыларының басым көпшілігі ауқатты отбасынан шығып, Ресей орталық қалаларындағы алдыңғы қатарлы оқу орындарынан білім алған және сол кездегі әкімшілік жүйесінде еңбек еткен азаматтар болатын. Оларды саяси көзқарастары мен әлеуметтік ұстанымдары жағынан бірнеше топқа бөліп қарауға болады.

Бірінші топты («батыстықтар» деп атаған) мынандай белгілі зиялылар құрайды: А. Байтұрсынов – «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист тілтанушы; Ж. Ақпаев – заңгер; М. Тынышпаев – инженер; М. Дулатов – ақын, жазушы; М. Жұмабаев – ақын, жазушы; Х. Ғаббасов – жазушы; Ж. Аймауытов – жазушы, ақын; Х. Досмұхамедов – дәрігер; Ж. Досмұхамедов – экономист-заңгер; А.К. Кенжин – мамандығы мұғалім. И. Мұстамбаев – геолог; А.Ә. Ермеков – ұстаз, ғалым, математик және т.б. [5, 24 п.].

Ұлт зиялы қауым өкілдерінің *екінші тобын* мұсылман қозғалысының өкілдерімен қарым қатынаста болған ұлт зиялылары құрайды, олардың көбі кейін Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын алған болатын. Бұл топтың өкілдері М. Шоқай, С. Лапин, У. Хожа, А. Махмұд, Х. Юрғули-Ағаев, С. Герцфельд, Ш. Шағиахметов, Ә. Оразаев, К. Қары, С. Ақаев, А. Бадин, Кішкенбаев, Кәрімбаев, М. Бехбуди және т.б. [6, б. 52].

Үшінші топты, саны жағынан аз және әлсіз топты көзқарастары социалистік бағытты

ұстанушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жер иеленушілерден шықты. Олар: Мұқан Әйтпенев, Көлбай Төгісов, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар және т.б. болды [5, 10 п.].

Ал бұл туралы С. Сейфуллин «Қырғыз зиялылары туралы» атты мақаласында былай деп келтіреді: «Қырғыз интеллигенттер екі лагерьге бөлінді: 1-ші лагерьге жататындардың басым көпшілігі реакциялық топтағы қазақтар, кадеттер және оңшыл эссерлер болашақ партия ұйымдастырып, оның атын тапқырлықпен дәстүрлі ұлттық күрес үрдісімен «Алаш» деп атады. Ал, 2-ші лагерьге жататындар орыс большевиктерін жақтаушы азшылық топ өкілдерін құрады, олар қазан төңкерісі жеңіске жеткен соң «Үш жүз» партиясы төңірегіне топтасты [5, 3 п.].

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары ұлтының тұтастығы үшін жан тәнімен күресті. «Ұлт ісі деген ұлы жұмыс. Ұлт ісін ұлт болып өзі істемесе, өзі жөндемесе істелмейді де, жөнделмейді де. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолға алып жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек. Жұрт ісі тоқсан тарау жолмен істеліп, бәрі барып бір салаға қосылмақ» деп, ұлтжандылықтың көрінер шағы туғандығын және әр жолмен жүрсе ұлт бола алмайтынын, ал ел болам десе бір идея төңірегіне бірігу қажеттілігін атап көрсетеді [7, бб. 379-380].

Алаш арыстарының ұлттық мемлекет құруды көздеп, елді бірлікке шақыруы – бүгінгі ең қажетті құндылық. Ол қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекетінің саясатымен үндесіп жатыр. Халқының азаттығы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Алаш ардақтыларының сан-салалы асыл идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте жүзеге асуда. Кезінде Алаштың арыстары атанған ұлтымыздың ұлы перзенттерінің халқына жасаған ұшан-теңіз еңбектері, рухани асыл мұралары қазақ өз елінің иесі болып тұрғанда

мәңгі жасай бермек. Тарих тағылымына терең бойлаған сайын біз бүгінгі тәуелсіз бейбіт күннің қаншалықты ауырлықпен келгенін түсінеміз.

Тарихтан белгілі жағдай: Алаш Орда ұлттық өкіметі 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында өткен жалпы қазақ съезінде құрылды. Орынбор қаласында болып өткен I жалпықазақ съезінің күн тәртібіне барлығы он төрт мәселе қойылды:

- Мемлекетті билеу түрі;
- Қазақ облыстарында автономия;
- Жер мәселесі;
- Халық милициясын құру;
- Земство;
- Оқу мәселесі;
- Сот мәселесі;
- Дін мәселесі;
- Әйел мәселесі;

Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар; Бүкіл Россия мұсылмандарының кеңесі («Шуро-и Исламия»);

- Қазақ саяси партиясы;
- Жетісу облысының оқиғасы;

Киев шаһарында болатын бүкіл Россия федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу [8].

Мұрағат деректеріне сүйенсек, съезд қазақ автономиясы мен милиция туралы Халел Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша қаулы қабылдайды, жалпы съезд тоқталған қарарлардың негізгілері мынандай:

1. Тегі бір, тарихы және тілі бір қазақ-қырғыз халқы басым тұтас аумақ болып табылатын Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарының, Ферғана, Самарқан уездерінің, Закаспий облыстары қырғыздарының, Алтай губерниясының жапсарлас жатқан қырғыз болыстарының аумақтық-ұлттық автономиясы құрылсын.

2. Қырғыз-қазақ облыстарының автономиясына Алаш атауы берілсін.

3. Автономиялы Алаш облыстарының аумағы жер бетінде жатқан барлық байлықтармен, суымен, оның байлықтарымен,

сондай-ақ жер қойнауларымен қоса Алаштың меншігі болып табылады.

4. Алаш автономиясының Конституциясын Бүкілресейлік құрылтай жиналысы бекітеді.

5. Қырғыз-қазақтар арасында тұратындардың бәріне азшылық, құқықтарына кепілдік беріледі. Алаш автономиясының барлық мекемелеріне барлық ұлттар өкілдері пропорциялы түрде болуға тиіс. Алаш автономиясы шегінде жері жоқтарға ерекше аумақтық және мәдени автономия да беріледі.

6. Алаш облыстарын анархияның жалпы күйзелтуінен құтқару мақсатында 25 мүшеден тұратын Алашорда Уақытша Халықтық Кеңесі ұйымдастырылып, оның 10 орны қазақ-қызғыздар арасында тұратын орыстар мен басқа да халықтарға берілсін. Алашорданың орталығы ретінде уақытша Семей белгіленсін. Алашорда қазақ-қырғыз халқының бүкіл атқарушы өкімет билігін дереу өз қолына алуы тиіс.

7. Алашорда милиция құруға жігерлі шаралар қолдануға міндеттенеді.

8. Алашорда Жалпы Ресей Құрылтай Жиналысының сайлауын өткізу туралы қолданылып отырған ережелерге сәйкес өзі әзірлеген негіздерде таяудағы уақытта Алаш автономиясының Құрылтай жиналысын шақыруға міндетті.

9. Съезд Алашордағы: 1) шарттар жасауға; 2) басқа автономиялық көршілермен блоктар туралы келіссөз жүргізуге уәкілдік береді, бұл ретте шарттар жасаудың өзі Алаштың құрылтай жиналысына беріледі.

10. Алаштың Құрылтай Жиналысына Халықтық Кеңес Алаш автономиясы Конституциясының өзі әзірлеген жобасын ұсынуға міндетті» [9, 2-3 п.].

Съезд жаңадан құрылған Алаш Орда үкіметіне үлкен екі міндет жүктеді:

1) Болашақта өтетін жалпы мемлекеттік немесе жалпыхалықтық жиналыс алдында өмір сүріп отырған Қазақ автономиясы үлгісін көрсету үшін дереу қазақ өлкесін басқаруды жүзеге асыруға кірісу;

2) Елдегі қарама-қарсы күштер арасындағы шиеленістің күшеюіне байланысты қолында қару жоқ қазақ халқын

бүлікшілік пен зорлық-зомбылықтан қорғау және ел ішіндегі тәртіпті сақтау [10, 229 п.].

Жалпы, белгілі жағдай, 1917 жылы мамыр айында Мәскеу қаласында өткен

I Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде автономия мәселесі кеңінен талқыланды. Осыған сәйкес мұсылман халықтарының арасында автономия мәселесіне байланысты қозғалыстың дамуына әсер етті. Сонымен қатар, Ресей құрамында ұлттық-территориялық автономияны жақтаушы федералистер мен біртұтас Ресейде ұлттық-мәдени автономия құруды жақтаушы біртұтастар арасында қызу талас болды. Қазақ делегаттары федералистерді қолдады [11, б. 319].

Сонымен, алаш көшбасшылары автономия идеясын пікірлері мен жігерліктерінде айырмашылық болғанымен Ресейдегі саяси жағдайды бақылай отырып мұқият және ақырын дамытты. Олар басқа халықтардың көшбасшыларына қарағанда автономияны кейінірек қол жеткізу мақсатын анық қойды және Алаш-Орда автономиялық үкіметін құрғаннан кейін де оны арнайы жариялауға қалыс қалды. Әсіресе, 1917 жылдың көктеміне дейін мұндай мұқияттылықтың бір себебі кадеттердің әсері болды. Олар азербайжандар сияқты автономия идеясын анық дамытып үлгере алмады, бірақ Қазан революциясынан кейінгі жағдайдың өзгеруіне батыл және шебер әрекет етіп, іс жүзінде автономияны дамытты [11, б. 324].

Қазақ зиялыларын әңгіме еткенде алаш көшбасшыларымен мырағакеле алмағанмен, қазақ халқының көзін ашып, сауаттылыққа, оқу-білімге үндеген кеңес өкіметін қолдаған азаматтарды да есте сақтауымыз қажет. Олардың Қазан төңкерісіне дейінгі арман-тілектері мен атқарып келген жұмыстарының мақсаты да бір еді. Кеңес өкіметі олардың бастарын біріктірмей, бір-біріне қарсы қойды. Кеңес өкіметін қолдаушы қазақ зиялылары да алаш өкілдерінің қал-жағдайын басынан кешірді.

Сонымен, XX ғасырдың басында қазақ тарихында бұрын-соңды болып көрмеген бетбұрыс басталды. XX ғасырдың басында орын алған әлеуметтік қақтығыс жағдайында

өз елінің дамуы мен болашағына қатысты мәселелерді шешуге ұмтылған алғашқы саяси қозғалыс «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің пайда болуы қазақ қоғамының азаматтық кемелденуінің және саяси элитасының биік дәрежеде екендігін көрсетті [12, б. 221-222].

2. Зерттеу әдістері.

Қарастырылып отырған мәселеге байланысты деректер базасын бес топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топқа «Алаш» қозғалысының көшбасшылары мен белсенділерінің еңбектерін жатқызамыз: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, Ж. Ақбаев, Жаханша және Халел Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев және басқалар. Олар ең алғашқылар болып өз қызметтері мен автономиялық қозғалыстың мәнін талдау әрекетін жасады [4]. Екінші топқа кеңестік құрылыстың алғашқы жылдарында (XX ғ. 20-30-шы жылдары) жарық көрген еңбектер [13].

Үшінші топқа жататын еңбектердің хронологиялық мерзімі XX ғ. 30-80 жылдарында шыққан зерттеулерді қамтиды. Бұл еңбектерде «Алаш» қозғалысының революциялық рөлі объективті тұрғыдан баяндалған. Бұл еңбектерде Қазан революциясы қарсаңы мен Кеңестік өкіметтің алғашқы жылдарындағы жағдай, ұлт зиялыларының қалыптасу процесі мен саяси көзқарастарының дамуы баяндалады. Әрине, бұл топтағы кейбір зерттеулер таптық көқарас тұрғысынан жазылған және алаш көшбасшылары «буржуазияшыл ұлтшылдар» тұрғысынан сипатталады. «Алаш» қозғалысы жөніндегі еңбектердің төртінші тобын Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында жарық көрген зерттеулер құрайды [1; 3; 15; 17; 18; 19]. Бұл еңбектердің өзгешелігі – көптеген мұрағаттардағы бұрын жабық қорлардың ашылып, «Алаш» көшбасшылары мен белсенділерінің өміріне, қызметі мен саяси көзқарастарына байланысты жаңа, бұрын ғылыми айналымда болмаған құжаттардың пайдаланылуымен байланысты. Бұл зерттеулерде «Алаш» қозғалысының

бастау қайнар көзіне, алашордашылар мен большевиктер көзқарасына салыстырмалы талдау жасалынады.

«Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысы жөніндегі дереккөздердің бесінші тобына таяу және алыс шетел ғалымдарының зерттеулерін жатқызамын [2; 11; 28; 30]. Бұл авторлар өз зерттеулерінде ұлт-азаттық қозғалысқа жаңа көзқарас және ондағы қазақ зиялыларының рөлі туралы, жаңа мемлекеттің жалпы демократиялық қағидаларына көңіл бөледі.

Біз қарастырып отырған Батыс Алаш мәселесіне тікелей қатысы болмаса да Кеңестік федерализм және Қазақстандағы алаш қозғалысының тарихын жан-жақты зерттеуші Д. Аманжолова бірнеше кітаптар мен мақалалар жарыққа шығарды. Бұл зерттеу жұмыстарында автор мұрағат құжаттарының негізінде Қазақстанның ұлттық құрылыс және өзін-өзі анықтау процесін пайымдау көзқарастары белгіленген. Он тараудан тұратын бұл еңбегінде автор Қазақстанның 20-30 жылдардағы этносаяси тарихының қасыретті беттерін жаңадан жасай отырып, репрессиялардың этносаяси сана сезімді деформациялағанын, зиялылардың құрамы мен оларды іріктеудің түрленіп отырғанын көрсете білген. Сондай-ақ автор Қазақстандағы өкімет пен басқару жүйесін ұйымдастыру, федерацияның әртүрлі субъектілері арасындағы қарым-қатынасты реттеу мәселесі талданады. Монографияның төртінші тарауында автономияның саяси құрылымы мәселелері ашып көрсетіледі. Бұл бөлімде Қазақстан астанасы ретінде Орынбор қаласының белгілену жобасындағы тиімсіздігінің себептері талданады [14, 55-77 бб.].

Соңғы жылдары шыққан зерттеу жұмыстарының ішінде Ш. Забихтың [15] монографиясын ерекше атауға болады. Автор Жаханшаны Алаш қозғалысының, соның ішінде Батыс Алаштың көсемдерінің бірі ретінде көрсетумен қатар оның «Алаштың» құқықтық концепциясын қалыптастырудағы шешуші рөлін ашып береді. Жаханшаның прогрессивтік идеялары мен көзқарастарының «Алаш-Орданың»

бағдарламалық құжаттарының негізіне алынғанына талдау жасайды. Бұл, Жаханша Досмұхамедовтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастарын зерттеуге арналған алғашқы еңбек болып табылады.

Қарастырып отырылған мәселе жөніндегі жаңа еңбектердің қатарына М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысын» қосуға болады. Автор Алаш қозғалысы жөніндегі ғылыми еңбектерді жазудың қиындықтарына тоқтала келе «Кеңестік билік тұсында ұлт зиялыларының тарихын жазу ісі ресми саясатқа тікелей тәуелді болды, билік талабына сай бейімделіп отырды» [16, 6 б.] деп тұжырымдайды. Әрине, бұл зерттеу жұмысының бұған дейін (2008 жылы) басылып шыққанын және автордың бұл басылымы өңделіп, толықтырылған нұсқасы екенін оқырман қауымға атап өткеніміз абзал. Автор қазақ зиялыларының XX ғасырдың басынан бастап, Алаш қозғалысының соңғы кезеңіне дейінгі тарихын баяндайды. Бұл еңбекте Батыс Алашорда мәселесі көп қозғалмайды.

Мақаланың объектісі мен мәнін, тарихи маңыздылығын ашып берудің тәсілдері айқындалып, теориялық және эмпирикалық танымдық деңгейі қарастырылады. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда мақалада қарастырылып отырған мәселенің ақиқатын, себеп-салдарларын, әсерлері мен кері байланысын, субъективтік факторлардың рөлін ашып көрсету принциптерін негізге ала отырып, талдау, синтез, жалпы қорытындылау және дедукциялау әдістерін пайдалану. Зерттеу әдістерінің маңыздылығының ерекше болатын себебі оны қабылдаудың біркелкі және ыңғайлы формасына келтіру қажет.

3. Талқылау.

«Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуының қазақ халқының қоғамдық-саяси және рухани өмірінде алатын орны ерекше. Тоталитарлық-әкімшілік басқару кезеңінде ұлт саясатының бұрмалануының нәтижесінде бұл топтың өкілдері мен олардың көзқарастары «Құбыжық» көрініп, «алаш» деген сөзден «ат-тонымызды ала қашатын» болды.

Бұл қозғалыстың және оның көшбасшыларының тарихы 60 жылдан астам ресми өкімет тарапынан тыйым салынған тарихымыздың «ақтаңдақ беттері» болып келді. Демек, бұл мәселе бойынша жазылатын зерттеу жұмыстарының басты мақсаты: алаш қозғалысының шығу қайнар көздерін, алаш көшбасшыларының қазақ даласындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтаудағы атқарған ерен еңбегін, олардың бағдарламаларын, Алашорда үкіметінің қызметі мен өмір сүру мерзімін, «Алаш» қайраткерлерінің жазалану және ақталу процестерін тарихи шындық тұрғысынан ашып көрсету өте қажет. Ал бұл мақсатқа жету жолында осы жағдайларды жан-жақты сипаттайтын зерттеулер мен баспа бетінде жарық көрген мақалаларға сүйену, оған талдау жасау өте орынды.

4. Нәтижелер.

Орал өңірінде қазақтардың өзінің жұмысын 1917 жылы 19 наурызда бастаған бірінші өкілдік съезі белгілі. Бұл съезде облыстық барлық болыстығынан қазақ тұрғындарының әртүрлі топтарының өкілдерінен сайланған 800-ден астам адам патша мемлекеттік құрылысы құлағаннан кейінгі жағдайдағы саясат және экономиканың маңызды мәселелерін қарау үшін жиналды. Съезд бір ауыздан демалыста жүрген Томск округтық сотының прокурорының орынбасары оралдық Жаханша Досмұхамедовты төраға етіп сайлады. Орынбасарлары болып бұрынғы уақытша комитеттің төрағасы Г.А. Әлібеков және V-ші Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі А.К. Қалменовті бір ауыздан сайлады. Съезд делегаттарын Орал облысы уақытша үкіметінің комиссары Бизянов құттықтады. Жаханшаның бастауымен және ұсынысымен облыс өмірінің бір топ мәселесі талқыланып, мынандай қорытындылар жасалды:

- Қазақ халқы монархизмді құлдықтың таңбасы, бір халықты екіншісіне айдап салудың көзі деп біледі, сондықтан да ол мәңгілікке жойылуы керек.

- Ұлттық-территориялық федерация мәселесін әзірге ашық қалдыра отырып демократиялық республика идеясын қуаттайды.

- Облыстың Оралдың арғы бет бөлігінде бұрынғы бюрократиялық басқаруды халықтық ауылдық, уездік және облыстық комитеттермен алмастыру.

- Мына қажеттіліктерді мойындау:

а) Қазақ құрылтай съезін шақыруды;

б) Оралда гимназия бағдарламасындағы орта оқу мекемесін уақытша ашу;

- Қазақ тіліндегі газет, кітапшалар және басқа бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды қажет деп табу;

Съезд облыстық қазақ комитетін сайлады [13, бб. 37,39,41,42].

Съезде облыстың қазақ комитетінің құрамына мына адамдар сайланды.

Ж. Досмұхамбетов, И. Таңберменов, Х. Тасымов, Т. Сыпырбөлиев, И. Мұқанов, Д. Сәрсенбаев, Ғ. Әлібеков, Д. Құсыпқалиев, И. Топаев, И. Абенов, К. Жаленов, Ғ. Есенғұлов, С. Қаратілеуов, Б. Жұманғалиев, С. Омаров, Б. Тілепов.

Республикамыздың барлық облыстарында Кеңес өкіметінің күшейіп жатқандығына байланысты Алашорда олардың орталық және жергілікті органдарымен амалсыздан байланыс жасауға мәжбүр болды. Бұл мәселеде де Жаханша белсенділік көрсетіп, өзінің серігі Халелмен бірге Москвада Кеңес үкіметінің басшыларымен кездесулер өткізуге қатысты. Сталинмен жүргізілген бұл келіссөздерден Орталық Кеңес үкіметінің ынтымақ пен ұлттық тұтастық негізіндегі қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығы, керісінше қазақ халқына таптық жіктелуге негізделген советтік тұрпаттағы автономия беруге даяр екендігі анық байқалды. жылғы мамыр айының 18-21 аралығында Жымпитыда Орал өңірі қазақтарының IV облыстық съезі өтті. Онда Жаханша мен Халел Досмұхамбетовтер Ойыл уәлаятының уақытша үкіметін құрды. Құрамына Ілбішін, Орал, Атырау, Ақтөбе, Бірғыз уездерінің қазақтар мекендеген аудандары мен Маңғыстау, Ойыл және Бөкей уездері кірді. Бұл әрекет Жаханшаның бүкіл қазақтың

екінші съезіндегі ұлттық - территориялық автономия құру жөніндегі шешімінің Батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясында жүзеге асқандығының көрінісі еді. Сондықтан да 1918 жылғы қыркүйекте Уфе директориясын құру туралы мәжіліске қатынасқан Алаш автономиясының кару жүйесі туралы мәселені талқылап, Алашорданың Батыс бөлім делегаттары сол айдың 11 - жұлдызында автономияның жергілікті басқару жүйесі туралы шешімге қол қойды. Бұл мәжіліске Алашорда ның төрағасы Әлихан Бөкейханов, мүшелері: У. Танашев, Халел және Жаханша Досмұхамбетовтер, А. Бірімжанов, Ә. Ермаков және М. Тынышбаев қатысты. Алашорданың батыс бөлімшесінің төрағасы болып Жаханша тағайындалып, Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі таратылып, Батыс Қазақстанның қазақтар мекендеген жерлері аталған бөлімшенің қарамағына берілді [17, б. 189].

Осы арада аздаған шегініс жасап, Жаханша Досмұхамедов кім, оның өмір жолы қалай өтті деген сұраққа тоқтала кетейік.

Жаханшаның тұлға ретінде қалыптасуы.

Қазақ халқының қадірменді ұлдарының бірі – Жаханша Досмұхамедұлы. Ол өлкемізде құрылып, жұмыс істеген Батыс Алашорда үкіметін құрушылардың бірі, әрі басшысы. Жаханша Досмұхамедұлының қазақ тарихында алатын орасан зор орнына қарамастан, өмір жолы, қоғамдық - саяси қызметі күні бүгінге дейін жеке ғылыми тұрғыда жүйелі түрде зерттелмеген. Жаханша Досмұхамедовтың өмірі, заңгерлік қызметі және саяси көзқарастарын зерттеумен айналысып жүрген заң ғылымдарының докторы Ш.А. Забих былай дейді: «Жаханша Досмұхамедовтың тұлғасы «Алаш» қайраткерлері мен «Алаш-Орда» үкіметінің ішіндегі қазақ ұлтының бетке ұстар өкілдерінің ішінде ерекшеленіп тұрады. Көрнекті саясаткер, кәсіби заңгер, талантты ұйымдастырушы және тамаша ұйымдастырушы Жаханша Досмұхамедовтың өмірі мен қызметі ұзақ ондаған жылдар бойы кеңестік кезеңде зерттелмей келді, ал оның творчестволық мұрасы мен мемлекеттік және заңгерлік көзқарастары арнайы зерттелмей келді. Елдегі бүгінгі таңда қазақ

өлкесінің тамаша ұлдарының бостандық пен тәуелсіздік үшін қажымас күрескері Жаханша Досмұхамедовтың асыл және мақтаныш есімдерін халыққа жеткізудің бірегей мүмкіндігі пайда болды. Оның зердесінде қоғамды және мемлекетті басқару мәселелері, үкіметтің мәнін, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара қатынасын, ұлттық өзін-өзі басқару мәселелерін заңдық жүйедегі әдеттің орны мен рөлін зерттеу ерекше орын алды. Сондықтан да саясаткердің идеялары мен көзқарастары, сондай-ақ оның творчестволық мұрасы қазіргі күнге дейін Қазақстан үшін өзінің актуалдығын жойған жоқ және үлкен қызығушылық туғызады. Өйткені еліміздің алдында дағдарыстан шығу мәселесі өзінің өткірлігімен тұр» [15, б. 4].

XX ғасырдың екінші он жылдығындағы аласапыран, төңкерістер кезеңінде қазақ халқының жеке ел болу мүддесін көздеп, Досмұхамедовтер автономия құруға ұмтылды және сол үшін де олар уақыттың тығыздығына, жағдайдың қиындығына байланысты қазақ жерінің батысында басқарушы аппараты, әскері, орталығы бар, тиісті қаржысы жинақталған, белгілі бір территориясы бар мемлекеттік құрылым жасады.

Жаханша жас кезінен-ақ халқы үшін өте маңызды мәселеге араласып, болашақта үлкен істің басына келетін азамат, тағылымы мол, көргені көп, халқының өткен тарихынан жан-жақты хабардар ортадан өсіп шыққан адам.

Жаханша 1887 жылы қазіргі Жымпиты ауданындағы Бұлдырты елді мекенінде дүниеге келген. Жалпы, Жаханшаның туған жылы жөнінде екі нұсқасы кездеседі. Біріншісі – 1886 жыл. Екіншісі – 1887 жыл. Көптеген деректер мен мұрағат құжаттарында бірінші нұсқа айтылады: «Досмұхамедов Жаханша 1886 жылы туылған, қазақ партияда жоқ (тұтқындалу кезінде 44 жаста). 1930 жылы Мәскеудегі «Скотовод» басқармасында бас экономист болып істеп жүргенінде ҚазССР бұрынғы ОПІУ органдарымен «Алаш» партиясын құрушылардың және бұрынғы «Алаш-Орда» үкіметінің мүшесінің бірі ретінде тұтқындалды. Ақпан революциясына дейін юстиция Министрлігінде жұмыс

істеп, құрылтай жиналысы жөніндегі заңды жасаудың ерекше мәжілісінің, предпарламент (Ресей республикасының арнайы Уақытша кеңесі) мүшесі болды. Алайда Алматы ҰҚҚД мұрағатындағы анықталған құжаттар бойынша Ж. Досмұхамедовты айыптау протоколында және мұрағат анықтамасында екінші нұсқа көрсетіледі. Сондықтан да екінші нұсқа шынайы және сенімді, өйткені өтініш мәліметі Ж. Досмұхамедовтың өзінің қатысуымен толтырылады. Тағы да бір көңіл аударатын мәселе дереккөздерде Досмұхамедовтың есімі әртүрлі жазылады: Жанша, Джанша, Джаганша, Жаханша және т.б., бірақ Досмұхамедовтың дұрыс және толық есімі – Жаханша, яғни «Ғаламдық» деген мағынаны білдіреді, ал Жанша бала кезіндегі еркелетіп айтылған есімі [18, бб. 27-28]. Бастауыш білімді ауылда алып, кейінірек Орал әскери реалдық оқу орнында білімін жалғастырды. Ол оқуды өте зерек оқыды. Училищеден кейін білімін жалғастырады. Ол оқуды өте зерек оқыды. Училищеден кейін білімін Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде жалғастырды.

Училищеде Халел Досмұхамбетұлы, Жалмұхаммед Сүйінтүрұлы, Нұрғали Ипмағамбетұлы, Нұрғали Досбайұлы, Ғұбайдолла Бердіұлы, Шабазгерей Көсепағалиұлы араласты, сырласты.

Реалдық училищеде шәкірттері қаланың көптеген өндіріс орындарында болып, тәжірибе жинақтады. Олар Қондрахинның бағында, Дадонов кірпіш зауытында, Ванюшин диірменінде, Михайлов соборында, Пфейлдің лаурица зауытында болды [19, б. 277].

Ұстаздарының ішінде Жаханшаға жақын іш тартатын неміс тілінің мұғалімі Феликс Глизенгер болды. Ол жас шәкіртінің халқыма қызмет ету үшін оқып жүрмін деген жауабына ризашылық білдіріп, «олай болса, тарихқа көбірек үніл, заңдық қағидаларды зерттеу, халқың үшін қызмет істеуге көп, табанды дайындал» деп кеңес берді. Көңіл аударарлық жағдай – Батыс Алаш қозғалысына қатысқандардың басым көпшілігі Жаханша сияқты Орал реальдық училищесінде білім

алған: Атшыбаев Беркінғали Мұқашұлы (Гурьев уезі Миялы ауылында 1897 жылы дүниеге келген. 1937 жылы репрессияға ұшыраған), Әлібеков Әлиасқар (Ғалиасқар) Меңдиярұлы (Батыс Қазақстан облысы Жымпиты уезі; 1893-1937 жж.), Әлібеков Ғұбайдолла (Ғабдолла) (Жымпиты уезі, 1870-1923 жж.), Бекімов Молданияз Байболсынұлы (БҚО, Жақсыбай болысы, қазіргі Қаратөбе ауданы, 1882 - ?), Бисенов Бақтығали (БҚО, Лбішін уезі, Қызылжар болысы, 1889/1890-1922 жж.), Бердиев Ғұбайдолла Есқалиұлы (Гурьев облысы, Махамбет ауданы, Ақжайық ауылы, 1883-1922 жж.), Бөкейханов Ғабдол Хакім Нұрмұхамедұлы (Бөкей ордасы, Шонай ауылы, 1896-1938 жж.), Досмұхамедов Халел (Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмында, 1883-1939 жж.), Есенқұлов Ғұмар Қожахметұлы (Темір уезі, Ембі-Темір болысы. 1890-1930 жж.), Жанқадамов Бижан (Джанкамов Бижанғали Абулкасович, 1889-1937 жж.), Жәленов Кәрім (Джаленов Карим), Жымпиты уезі, Байғұтты болысы, 1889-1938 жж.), Ипмағамбетов Нұрғали (Қараоба болысы, Төлектөбе ауылы, қазіргі БҚО, Теректі ауданы, 1882-1922 жж.), Қасаболатов Есенғали Керейұлы (Лбішін уезі, Қурайлы болысы, 1889-1938 жж.), Қашқынбаев Иса (Ғайса) Таумышұлы, Лбішін уезі, Қурайлы болысы, 1891-?), Сарығожин Сабыр (Қаратөбе, Соналы болысы). Бұл аталған Орал реальдық училищесінің түлектері, Батыс Қазақстанда Тәуелсіздік туын орнату жолында әртүрлі тағдырды басынан кешірді [20, бб. 173-191].

1906 жылы Жаханша Мәскеу университетіне оқуға түседі [21]. Заң факультетінің профессорларының, Батыс Еуропа елдерінің заңгерлерінің еңбектері, оған қоса Ресейде шығатын «Вестник права» (1899-1906), «Тюремный вестник» (1893-1917), журналдары мен «Право» заңгерлік газеттерін оқыды. Ол шешендік өнерге ерекше көңіл бөлді. Сырым бабасының нақыл сөздерін басшылыққа ала отырып, мына қағидаларды ұстауға тырысты:

- Халық алдында сөйлеген сөзің сұлу болып, оны жұрт ықыласпен тыңдасын;
- Сөз өнерін меңгеріп, биік дәрежеге көтерілгеніңізді жұрт сөйлеген сөзіңнен білсін;

- Сөздің оңы мен терісіне, астары мен өңіне айрықша мән беріп, мағыналы етіп сөйле;

- Сөз жай нәрсе емес, сөздің құнын бағалай біл;

- Сөз үйренуден жиренбе, көп біліп, аз сөйле, аз біліп, көп сөйлеме.

1911 жылы оқу бітірер қарсаңында бұрын Черняев (қазіргі Шымкент) қаласының оязы болған генерал К.Колоссовскийдің қызы Ольгаға үйленді. Үйлену қарсаңында әкесінен рұқсат сұрап жазған хатында мынандай жауап болатын: «Қатын алмақшы болсаң, оның дүниесі көбін талап етпей, тәрбиелісін ал, ұлтына қарама-табиғаты таза, жан – дүниесі пәк, өзіңе дос болсын, балам» [19, б. 278].

XX ғасырдың басында еліміздің барлық өңірінде жаппай орын алған белсенді ұлт-азаттық қозғалысының екпініне араласқанға дейін, Ж. Досмұхамедов патшалық сот органдарында қызмет атқарып, маңызды мемлекеттік іспен шұғылданған.

Алғашқыда Орал аумақтық сотының жанындағы сот лауазымына үміткер ретінде қызмет атқарып, бітімгершілік соты және қылмыстық бөлім хатшысы көмекшісінің міндеттерін орындаған. 1912 жылдың жазында Барнауыл уезінің 10 учаскесінің бейбітшілік сотының міндеттемелерін орындау үшін іссапарға жолданып, кейін Омск сот палатасына аға үміткер ретінде ауыстырылады. 1913 жылы аталған лауазым бойынша Змеиногорск уезінің 1 учаскесіне ауыстырылып, 1913 жылдың күзінде Барнауыл қаласына «прокуратура органдарына көмекке» шақырылып, 1914 жылдың наурыз айында Каин уезі бойынша Томск округтік сотында прокурорлық (орынбасары) қызметіне тағайындалды. Томск округтік соты прокурорының жолдасы (орынбасары) міндетін атқара жүріп, ол саяси айдалуды қадағалады және осы қызметте ол әділет генералы шенін иеленді.

Прокурор Н.Г. Красильниковтың қолы қойылған «Распределение участков товарищей Прокурора Томского Округного суда» атты құжат сақталған. Бұл тізімге Ж. Досмұхамедовтың аты-жөні де енгізілген, құжатқа сәйкес, ол 1914 жылы Каин учаскесі

прокурорының жолдасы (орынбасары) болып тағайындалған. Прокурорлық учаскенің құрамына Каин түрмесі және Каин уезінің 3, 6, 7 және 8 учаскелерінің бітімгер соттары енгізілген. Сонымен қатар Томск округтік сотының прокурорлық қадағалау қызметіне байланысты «Наряд камеры прокурора Омской судебной палаты» деген құжат сақталған. Аталған құжатта прокурор жолдасы (орынбасары) лауазымдардағы қызметіне толық сипат берілген. Томск аумағында Змеиногорск, Томск-Кузнецк, Бийск, 1 және 2 Барнауыл, Томск қаласының 9 учаскесі болған. Әрбір учаскені Томск округтік сотының Прокурорымен тағайындалған прокурор жолдасы (орынбасары) басқарған. Жолдас прокурорлар ай сайын Омск сот палатасының Прокурорына учаскелерінің қызметі туралы ақпарат жолдаған. Қызметтің келесідей бағыттары бойынша есеп берілген: 1. Жалпы қылмыстар бойынша Округтік сотқа жолданған істер: а. Айыптау актілерімен, соның ішінде 525-бап бойынша Қылмыстық Сотқа жолданған; б. Соттылығының өзгеруі туралы және тоқтату туралы қорытындылармен және айыптау актілерімен; в. Ойлау мүмкіндігін куәландыру туралы қорытындылармен; г. 356-бабы бойынша қорытындылармен; д. Жеке айыптау тәртібімен; 2. Лауазымдық қылмыстар бойынша: а. Қорытындылармен басшылыққа; б. Айыптау актілерімен Округтік сотқа.

1915 жылғы «Памятная книга Томской губернии» атты кітапқа Томск губернаторының нұсқауымен губернияның көрнекті қайраткерлерінің аты-жөндері енгізілген. «Прокурорлық қадағалау» бөліміне Ж.Досмұхамедовтың да есімі енгізілген [19, б. 279].

Заң органдарында жұмыс жасаған кезінде Жаһанша әділдігімен, кәсіби дайындығымен және сатымайтындығымен танымал болды. Әдеттегідей сол кезеңде қазақтың білімді азаматтарын еліне қызметке жібермеу әдісі көрінісін тапқанымен, 1917 жылы Жаханша Ақжайық өңіріне оралады [19, б. 280].

Жас Жаханшаның саяси қызметі мен өміріне Б. Қаратаев, Г. Жетпісұлы, И. Ахметшеұлы және Орал облысы қазақтарының атынан

1-ші мемлекеттік Думаның мүшесі болған А.Қалменұлының әсері көп болды.

Жаханша – Батыс Қазақстандағы «Алаш» қозғалысының көсемі.

1917 жылы 19-22 сәуірде өткен облыстық қазақ съезінде (800-ден астам адам қатысты) Жаханша Орал облыстық қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы болып сайланды. Төрағасының ұсынысы бойынша съезд мынандай шешімдер алды:

1. Россия халықтарын құлдықта, қараңғылықта ұстаған монархия осыдан былай жойылсын;

2. Россияда Демократиялық Республика орнату идеясын түгел қуаттай отырып, қазақ халқына ұлттық терриориялық автономия беруді талап егеді;

3. Қазақ еліне келімсектерді жіберуді тоқтатып, осы кезге дейін пайдаланбай келген монастырьлардың, шіркеулердің, дворяндардың жерлерін қазақтарға себеп-сылтаусыз қайтарылсын;

4. Бұрынғы бюрократтық әкімшілік жүйесі жойылып, оның орнына қазақ жерінде халық сайлаған өкілетті комитеттер құрылсын;

5. Халық ағарту ісін қанағаттанғысыз деп тауып, мұғалімдер съезін өткізу, Оралда гимназия бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақ қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру белгіленсін;

6. Қазақ тілінде газет, кітапшалар шығу шаралары жүзеге ассын [19, б. 280].

Съезде облыстың қазақ комитетінің құрамына мына адамдар сайланды: Ж. Досмұхамедов, И. Таңберменов, Х. Тасымов, Т. Сыпырбөлиев, И. Мұқанов, Д. Сарсенбаев, Ғ. Әлібеков, Д. Құсыпқалиев, И. Топаев, И. Әбенев, К. Жаленов, Ғ.Есенғұлов, С. Қаратілеуов, Б. Жұманғалиев, С. Омаров, Б. Тілепов.

Жаханша 1917 жылы желтоқсанның 5-13 жұлдыздары аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпы қазақ-қырғыз съезіне қатысып, тез қарқынмен өзгеріп отырған жағдайдағы партия тактикасы мәселелері жөнінде және съездің күн тәртібіндегі

маңызды проблемалар (автономия, милиция, ұлт кеңесі, т.с.с.) бойынша сөз сөйлеп, жарыссөздерге белсенді түрде араласты. Съезде автономияны жариялау мерзімінде Ә.Бөкейханұлы мен Ж.Досмұхамбетұлы бастаған екі бағыт арасында едәуір талас болды. Алайда ұлттық, халықтық мүддені жеке бастарының саяси ұпай жинауының жоғары қойған Әлихан мен Жаханша Алаш автономиясын жариялау мерзіміне байланысты ортақ ымыралы келісімге келді.

1918 жылы мамыр айының 18-21 аралығында Жымпитыда Орал өңірі қазақтарының IV облыстық съезі өтті. Онда Жаханша мен Халел Досмұхамбетовтер Ойыл уәлаятының уақытша үкіметін құрды. Құрамына Ілбішін, Орал, Атырау, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің қазақтар мекендеген аудандары мен Маңғыстау, Ойыл және Бөкей уездері кірді. Бұл әрекет Жаханшаның бүкіл қазақтық екінші съезіндегі ұлттық-территориялық автономия құру жөніндегі шешімінің Батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясында автономия жүзеге асқандығының көрінісі еді. Сондықтан да 1918 жылғы қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліске қатынасқан Алаш автономиясының делегаттары сол айдың 11-жұлдызында автономияның жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, Алашорданың Батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қойды. Бұл мәжіліске Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейханов, мүшелері: У. Танышев, Халел және Жаханша Досмұхамбетовтер, А. Бірімжанов, Ә. Ермаков және М. Тынышпаев қатысты. Алашорданың батыс бөлімшесінің төрағасы болып Жаханша тағайындалып, Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі таратылып, Батыс Қазақстанның қазақтар мекендеген жерлері аталған бөлімшенің қарамағына берілді [19, бб. 281-282].

Жаханша басшылық еткен Ойыл уәлаяты үкіметі өзінің ішкі және сыртқы саясатында елеулі қиыншылықтарға кездесті. Бастапқыда ниеттес болып бірге жүрген, Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері Ғұбайдолла және Ғалиасқар Әлібековтер, Молдағали Жолдыбаев, Хафиз Мырзағалиев

шешуші кезең туғанда Жаханша мен Халелден шығысып, қазақ автономиясының өмірге келуіне қол ұштарын тигізбеді, керісінше қарсы әрекет жасады. Сондай-ақ халық арасында беделі зор, өлкеге танымал Бақытжан Қаратаев большевик жағына шығып, Алаш қозғалысына қарсы болды, ал оның інісі жоғары білімді заңгер Арон Қаратаев ақ казактарға қызмет етті, тіпті, ел тәуелсіздігі үшін күреске қатысқан қазақ зиялыларының артына түсті. Ауыл азаматтары арасынан шыққан саяси қозғалыстың белсенділері Меңдігерей Ипмағамбетов, Әбдірахман Әйтиев Алаш қозғалысына қарсы қолдарына қару алып күресті.

1919 жылғы сәуірдің бас кезінде Колчак басқарған әскерлер, ал одан кейін Орал ақ казактарының бөлімшелерінің шабуылға шығып, Қызыл Армия бөлімдерін ығыстыруы Батыс Алашорда жетекшілерінің қимыл-әрекетіне өзгеріс әкелді. Батыс бөлімшенің жауынгер жігіттері қазақ халқын ғасырлар бойы қан қақсатып, езіп-жаншып келген казачество жағында соғысып, қан өккісі келмеді. Олар қолдарына қару алып, өкіметке қарсы шықты. Жымпиты оқиғасынан кейін орал ақ казактарының Алашордағы көзқарасы айтарлықтай өзгерді. Генерал В. Толстов батыс Алашордаға қарайтын аймақтағы күштік құрылымдарды өз қарауына алып, тікелей өзіне бағындырды.

Жаханша мен Халел Ақжайық өңіріндегі саяси және әскери жағдайдың тұрақсыздығын, оның аса қысқа мерзімнің ішінде жиі-жиі күрт өзгерістерге ұшырап отырғандығын өз көздерімен көріп, ой елегінен өткізіп отырды.

Батыс Алаш үкіметі 1918 ж. мамыр айының екінші жартысынан 1919 ж. қазан айының аяғына дейін Қызыл үйде (Жымпитыда) 17 ай бойы үстемдік құрып, Қызылқоғаға (Атырау жері) көшті.

1919 жылы 10 желтоқсанда Ойыл уәлаяты үкіметі өзінің ақырғы отырысын өткізді [19, б. 282].

Жаханша және батыс Алаш қозғалысының мүшелері совет органдарымен өзара түсінісіп кете қоймады. С. Меңдешев басқарған Қазревком комиссиясы Жаханша мен оның төңірегіндегілерге күдікпен қарады.

Олар Алашорданың батыс бөлімінің Совет жағына шығуы осы өкілеттің идеясын жақтағандықтан емес, керісінше бұрынғы одақтасы болған Орал казактарының жағдайының нашарлауынан және облыстан қашып кету мүмкіндігі қалмағандығынан деп санады. Әрине саяси мәдениеті төмен сатыдағы жергілікті совет «көсемдерінен» басқаша әрекетті күту қиын еді. Алашордаға кешірім жасалғандығына қарамастан, оның жетекшілері саяси тұрғыдан оқшаулануға тиісті болды.

Алашорда мен оның басшылығына осындай көзқарас Казревкомның 1920 жылғы наурыздың 5-нде қабылданған «Алашорданың Батыс бөлімін тарату туралы» қаулысында және Жаханша мен оның серіктерінің (Халел Досмұхамбетов, Иса Қашқынбаев, Кәрім Жалелов, Беркінғали Атшыбеков) жазған мәлімдеме хаттарында аса анық көрінеді. Шын мәнінде қазіргі таңда белгілі бірқатар мәліметтерге қарағанда Жаханша өмірінің соңына дейін Кеңес өкіметін мойындамаған.

Батыс Алашорда үкіметінің ұлттық әскери жасақтар құру жолындағы жүргізген шаралары.

1918 жылы мамыр айының екінші жартысында ашылған съезд шешімдерінде ұлттық әскер жасақтауға көңіл бөлінді:

...4. Құрылғалы жатқан әскери бөлімді қару – жарақпен қамтамасыз ету үшін барлық амал-тәсілді қолдануды ұсынды.

...3. Сенімді басшылар құрамын әзірлеу мақсатымен Жымпиты соғыс жағдайындағы прапорщиктер мектебі үлгісіндегі қазақ әскери мектебін ашу, командирлер құрамы әзір болғанша орыс армиясы офицерлерінен нұсқаушылар шақыру шама келгенше бұл іске қазақ офицерлерін қатыстырмау туралы қаулы қабылдады [22, 42 п.]. Алаштың батыс бөлімшесінің басшылары Жаханша мен Халел Досмұхамедовтер Құрылтай жиналысы комитеті арқылы 600 винтовка мен пулемет алды және 2000 адамнан тұратын казак әскерін жедел ұйымдастыруға уәде етті [17, б. 274]. Қазақтардың жаулық әрекетінің алдын алу және Комитетті өз өлкесінің мұқтажы мен қажетіне пайдалану мақсатымен Қазақ үкіметі Самараға арнайы делегация

жіберді. Құрылтай жиналысы мүшелерімен келіссөз жүргізген делегация төмендегідей келісімдерге қол жеткізді.

1. Комитет ресми түрде Қазақ автономиясын таниды;

2. Қазақ автономиясына көмек ретінде комитет шамамен 1000 адамды жабдықтауға жететіндей көлемде қару-жарақ, құрал-жабдық және 2000 000 сом шамасында ақша бөледі.

Бөлінген ақшаның 1,5 миллионы Шығыс Алашордаға тиді де, тек 500 000 мыңы ғана Батыс Алашордаға қалды.

Делегация Самарадан оралғаннан кейін де Алашорда үкіметі өзінің бұрынғы саясатын жалғастыра берді, яғни қызылдармен қақтығысты болдырмау, қазақтарға көмек беруден барынша жалтару ұйымдастыру жұмыстарын ойдағыдай жүргізе беру [22, п. 44].

Бұл ретте «ұлттық милиция» атауымен алаш әскери бөлімдерін қалыптастырған, Орал мен Орынбор казактарымен, Самара («Комуч») үкіметімен одақтастық қатынасқа түскен, солардан қару-жарақ, киім-кешек, қаржы алған Батыс бөлімшесінің төрағасы Ж.Досмұхамедов Ақ әскердің тұрақты құрамына кірмей, жеке саясатын жүргізді. Алаштық әскери бөлімшелер «ұлттық милиция» ретінде негізінен жергілікті халықтың қорғанысын қамтамасыз етті [23, б. 47].

Алашорда бұйрығы бойынша Орал облысында 2 мың адамы бар қазақ әскері жасақталды. Оларды қаруландыру мақсатында Самара комитетінен 2 мың мылтық, 58 пулемет, 2 зеңбірек пен 2 автокөлік алынды. Ойылда алғашқы қазақ кавалерлерінің юнкерлік мектебі құрылды [24, б. 186].

Батыс Алашорда үкіметінің ұйымдастыру жұмыстары осылай қыза бастаған кезде, қазақтардың ұйымдаса бастағанын сезген генерал Дутов Орынбор жағынан, Орал әскери (әскерлік) үкіметі екінші жақтан Қазақ автономиясы мен Алашорда үкіметіне қарсы науқан жүргізе бастады. Сол уақытта Дутов Орынборды алса, Орал казактары қызылдар шабуылын тойтарып тастаған болатын.

Генерал Дутов «Қазақ автономиясы бір топ зиялыларының ойдан шығарған нәрсесі, егер осы бір топтың көзі жойылса, қазақтардың көпшілігі ақ патша билігін өздері-ақ сұрайды», - деп жаулық ниетін ашық білдірсе, ал Орал әскери үкіметі, оның төрағасы Фомичев тылдағы қазақтардан келіп отырған қауіп туралы жар сала бастады.

Казактармен қақтығыс сол кезде қазақтар үшін өте тиімсіз болатын, осыны ескерген қазақ үкіметі Орал әскери үкіметімен одақтық шарт жасауға мәжбүр болды. Шарттың негізі төмендегідей басты баптардан құрылды:

1. Қызылдар казактарды өз территориясынан ысырған жағдайда Алашорда үкіметі қазақ әскерлеріне, олардың босқындарына пана береді;

2. Қазақ әскери бөлімдері казактар майданындағы ұрыстарға қатыспайды және тек өз территориясын ғана қорғайды;

3. Казактар даланың іші өміріне араласпайды және қазақ үкіметіне қару-жарақ, әскери жабдықтармен көмек көрсетеді.

Бекітілген шарттың осындай ережелері қазақтар үшін тиімді болды, өйткені сол кезде майдан шебі қазақ даласынан алыста болатын, сондықтан да Алашорданың Қызыл Армиямен қақтығысуы мүмкін емес еді. Ал казактар далаға шегінген жағдайда оларды «қалай қарсы алу» керектігін қазақтар жақсы білді және оны кейін іспен дәлелдеді де. Сонымен қатар келісім-шарт жасалу фактісінің өзін Алашорда үкіметі әдейі дәріптеп, орынды пайдалана білді, шарт Алаш автономиясының қас жауларының үнін өшіріп, басталған ұйымдастыру жұмыстарын әрі қарай жүргізе беру үшін Қазақ үкіметіне азды-көпті қолайлы жағдай жасады [25, б. 6].

Алашорданың батыс бөлімшесінің Алаш бөлімдерінің қалыптасуында белсенділік танытқан бірқатар адамдардың аты-жөндері естеліктер мен материалдарда аталынады. Ерекше атап өтетін азамат Мәскеу әскери училищесінің түлегі, 3-інші Кавказ саперлік батальонының капитаны, әулие Станиславский орденінің III дәрежелі кавалері, кадрлік офицер Сарығожин Сабыржан (25.12.1908). Куәгерлердің естеліктері бойынша 1918 ж.

Алашорданың Батыс бөлімшесінде қызмет атқарып, 1919 ж. Еуропаға қоныс аударған.

Одан басқа, Алаш әскери құрылымдарына қатысы бар мынадай есімдер аталады: Жымпиты қаласының коменданты, прапорщик Абылаев Айтқали Сарыбаевич: прапорщик, 1-інші жүздіктің взвод командирі, 1936 жылдан аға лейтенант, қарағанды милициясы басқармасы басшысының орынбасары Асанов Дүйсенбай; Прапорщиктер – Асанов Қалдыбай, Бейсенов Ишанғали, Бейсенов Зепқали, Жалпаков Тажмұхамед. Сондай-ақ Атшыбаев Беркінғали, Ашиков Ханистай, Аюбеков Ыбрай, Башбаев Абдіразақ, Бейсенов Бақытғали, Бекмамбетов, Ерекшов Абдрахман, Есенғалиев Қ., Есенғұлов Құмар, Жақсыбаев, Кәрім Жаленов, Жұмартов Жален, Исенбаев Машиш, Қаратілеуов Сәлімгерей, Қасаболатов Есенғали, Қоңырбаев Макит, Кузеев Карабай, Досмухамбет, Ұдабаев Санияз, Упиров Саменғари, Упиров Абреш, Оспанов Мейірғали, Сарбатыров, Марыхуджин Әміре, Сесеменов Берму, Сұлтанғалиев Роман, Кенжин Аспандияр [23, бб. 51-52].

Жаханша қызметінің Ташкент кезеңі.

1922 жылы Орынборда Жаханшаға сот болып, өзінің кінәсіз екендігін толық дәлелдеп, босатылды. Ол 1920-1925 жылдар арасында Ташкентте ғылыми жұмыстар мен өзінің мамандығы бойынша адвокат болып жұмыс жасайды. Осы аралықта қазақтың көрнекті ұлдарының бірі, белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловпен қарым қатынас жасайды.

Алашорда таратылған соң 1927 жылдың қараша айына дейін Ж. Досмұхамедов Ташкент қаласында тұрып, Түркістан халық комиссариатының әділет кеңесшісі болған, әділет Халық Комиссариатының жанындағы курсанттарға заң курстарынан сабақ берген. Халық комиссарлары Кеңесінің заңдарды жасау жөніндегі комиссиясының құрамында болған.

Ташкенттегі Ж. Досмұхамедовтың қызметі «Талап» - қырғыз (қазақ) мәдениетінің жанашырлары қоғамдастығы және Қазақ халық ағарту институтымен тығыз байланысты.

Басқарма төрағасы – Халел Досмұхамедов, мамандығы бойынша дәрігер, профессор. Төрағаның орынбасары – Мырзағали Испулов, ұстаз, Александр Шмидт – шығыстанушы профессор, Мұхтар Әуезов – әдебиетші (студент), Мұхамеджан Тынышпаев – инженер, Иса Тоқтабаев – географ, Қасым Тыныстанов – ақын (студент), Жаханша Досмұхамедов – заңгер, Кәрім Жаленов – математик және т.б. «Талап» қоғамының құжаттарында мынандай мәліметтер берілген:

1) «Талап» - қырғыз (қазақ) мәдениетінің жақтаушыларының қоғамы;

2) Ташкент қаласы, Карл Маркс даңғылы, 41 үй, Қырғыз инпрос үй-жағы, №35 бөлме;

3) Қоғам Түркістан Мемлекеттік Ғылыми Кеңесінде;

4) Қоғам 1923 жылы 13 желтоқсанда құрылған;

5) Қоғамның мақсаты – қырғыз (қазақ) халқының мәдени дамуына мына жолдармен жәрдемдесу:

а) әдеби тілінің, терминологиясының, емлесінің мәселелерін дамыту;

б) ұлттық өнерін зерттеу;

в) қырғыз (қазақ) халқының тарихын және әдет-ғұрпын зерттеу;

г) қырғыз (қазақ) мектептерінде оқыту мәселелерін жетілдіру;

д) қырғыз (қазақ) ғылыми зерттеулері мен өнер қайраткерлеріне көмек көрсету;

6) Мүшелік жарна жылына 120 рубль.

7) Кітапхана – оқу залы әзірге ұйымдастырылмаған. Қырғыз (қазақ) тілінде арифметика оқулығы шығарылды. Мерзімді баспасы жоқ.

8) 108 мүше.

9) Басқарма бастығы – Халел Досмұхамедов, дәрігер [26, 73 п.].

Ж. Досмұхамедов бұл қоғамдастықтың мүшесі болды. «Талап» қоғамында жұмыс жасай жүріп, оған Түркістан әділет Халық Комиссариатының өтінішімен заңгер ретінде «РСФСР-дің қылмыстық кодексін» қазақ тіліне аудару тапсырылды. Ж. Досмұхамедов аударманы басқарды және 1924 жылы Ташкент қаласында тұңғыш рет Түркістан Республикасы ХКК-нің Арнайы Комиссиясының баспасымен

«РСФСР-дың қылмыстық кодексінің» қазақ тіліндегі аудармасы «РСФСР-дың Жауыздық низамнамасы» деген атпен тұңғыш рет жарыққа шыққан [18, б. 168].

Алғашқы аудармасы 1000 нұсқалық тиражбен жарыққа шығып, ең алдымен атауы үшін творчестволық қауымдастығымен сыни пікірге ұшырады. Міржақып Дулатов заң терминдерінің аудармаларына өзінің сыни көзқарасын анық білдіріп, 1924 жылы «Ақ жол» газетінде аударма жұмысқа пікірін жариялады. Аталмыш газеттің екінші нөміріне Ж. Досмұхамедовпен басшылық жасалған аудармаға талдау және талқылау (әдеби мәжіліс) жарияланды. Бұл мәжіліске Ж. Досмұхамедовтың өзі қатысты. М. Дулатовтың сыни бағалауына жауап ретінде Жаханша келесідей жауап берді: «Кодекс аудармасына мен басшылық жасағандықтан, басым көпшілігінде мен аударма тіліне емес, заңи жағына назар аудардым. Аудармамен және тексермемен заңгерлер тікелей айналысты. Аудармаға сыни бағалау жазған жолдас М. Дулатов тіл маманы, ақын, әдебиеттанушы, бірақ заңгер емес және заңи мәселелерден хабары аз. «Жауыздық низамнамасы» аудармасын ұғыну үшін кәсіби заңгер қажет. Біздер заңгерміз, сондықтан да бұның барлығын жақсы түсінеміз. Заң ол туралы жалпы сипатта ғана білетіндерге түсінікті жазылмайды.

Сондықтан да кез-келген заң көптеген бос сөздерді қажет етпейді және қысқа, түсінікті, мәнісімен жазылады. Кез келген заң жобасы қанша қысқа жазылса да, оны тек заңгер түсінеді. Қазақ халқында әзір заңи ғылыми тіл қалыптасқан жоқ. Нақты терминология жоқ. Сондықтан да мұндай баға бермес бұрын, өзінің ұстанымын негіздеуі қажет» [27].

М. Дулатовтың сыни пікіріне Ж. Досмұхамедов қысқа әрі қатаң түсініктеме берді. Кейін 1926 жылы Ж. Досмұхамедовтың басшылығымен өзгерістер мен толықтырулардың да аудармалары жарияланды, біріншісі – «РСФСР-дың Қылмыс заңы», ал екіншісі – «Қылмыс тексеру заңы».

Сондай-ақ Түркістан Наркомюстінің өтініші бойынша «Талап» қоғамының ғылыми кеңесі өткізіліп, онда «Жетісу облысындағы

әйелдер мәселесі» қаралды. Мәжіліс қортындысы бойынша мынандай қаулы қабылданды:

1) Қарастырылған мәселені тек Жетісу облысының әйелдеріне ғана емес, бүкіл қырғыз (қазақ) әйелдеріне қатысты деп танылсын.

2) Осы мәселені егжей-тегжейлі жарықтандыру үшін және тиянақты шаралар қарастыру үшін Жаханша Досмұхамедов басқаратын комиссия құрылсын [26, 23 п.].

1927 жылдың қараша айы мен 1929 жылдың аралығында Ж. Досмұхамедов Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы банкінің заңи кеңесшісі, 1928 жылы адвокаттар алқасында адвокат қызметтерін атқарды.

Жаханшаның қуғын сүргін жылдарындағы тағдыры.

1930 жылдың ақпан айында жұмыс бабымен Мәскеуге ауыстырылып, алғашқы қамауға алынғанға дейін жұбайы Ольга Константиновнамен бірге тұрады.

1930 жылдың басы «Алаш» қозғалысының бұрынғы қатысушылары үшін қызметінің қайғылы аяқталуына, қамау, қудалау және Кеңес билігінің басшылығы тарапынан қуғындау шаралары біртіндеп «халық жауларын жоюға» ұштасты.

1930 жылдың 31 қазаңында Мәскеу қаласындағы «Мал шаруашылығы» басқармасында аға экономист ретінде жұмыс жасау кезінде «Алаш» партиясы және бұрынғы алашорда үкіметінің мүшесі ретінде Қазақ КСР, БМСБ (ОПГУ) органдарымен қамауға алынды. Мәскеуде, Замосквоченск ауданы, Шабловка-Хавский көшесі, 11 үй қиылысы, 265,7 корпус мекен-жайында ұстап, Бутырка түрмесіне жолданды. Кейін Алматыға ауыстырылды [18, б. 172].

Анықталған процессуалдық құжаттардың, алдын ала тергеу кезіндегі беттестіру, жауап алу хаттамалары негізінде, Ж. Досмұхамедов өзінен жауап алу барысында өзін кінәлі деп мойындамады және контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде болмағанын және ешқандай контрреволюциялық жұмыстармен шұғылданбағанын мәлімдеді. Контрреволюциялық ұйымның мүшелерімен

өзінің байланысын жоққа шығарып, мұндай ұйым туралы естімегенін, кеңеске қарсы үгіт-насихат жүргізбегенін атап көрсетті.

Дей тұрғанмен де Жаханшаның аңыз ұйымға қатысы бар деп кінәлануына оның бұрын Қазақстан мен Ташкенде жүрген кезінде Бөкейхановтың Орынбор тобында болған С. Қадырбаев және Х. Ғаббасовпен кездесуі еді. Алдымен 1,5 жылға, соңынан 3,5 жылға Воронежге жер аударылды [28, б. 182].

Айдаудан 1935 жылы келгеннен кейін Жаханша қазақ жазушыларының әдеби шығармаларын аударумен айналысты. 1938 жылы 1 маусымда қайтадан тұтқындалып, Таганка түрмесіне қамалды. Соның алдында бір жыл бұрын Жанша инсульт болып, жарым-жартылай жансызданған болатын. Мәскеуге айдаудан оралғаннан кейін ол Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, С. Асфендияров, Калменов, А. Мұңайтпасов, М. Мұрзин, М. Бұралқиев, С. Ақбаевтармен кездескен болатын. Сондықтан да жауаптаушы Х. Кайтов одан мойындауды талап етті. Одақтың НКВД басқармасының үштігінің отырысында өлім жазасына кесілді. Үкім 1938 жылдың 3 тамызында іске асырылды [28, б. 183].

Ж. Досмұхамедовты айыптау туралы қылмыстық іс 1957 жылдың 2 желтоқсанында Мәскеу Қалалық Сотының Президиумымен қайта қаралды. 1938 жылдың 16 шілдесіндегі Мәскеу облысы бойынша КСРО ПХК (НКВД) Басқармасының жанындағы Үштіктің шешімі бұзылды, 1887 жылы туған Ж. Досмұхамедовке қатысты іс-әрекетінде қылмыс белгілерінің болмауына байланысты өндіріспен қысқартылды.

Жалпы «халық жаулары» айдарына іліккендердің барлығына бірдей тағылатын айыптар мыналар еді:

1. Өзінің мақсаты Кеңес өкіметін құлатуға бағытталған 1921-1922 жылдарда құрылған астыртын контрреволюциялық ұйымдардың жұмысына қатысу;

2. Шығыс Бұхарада тұратын және басмачтарды, кейін кордонды басқаратын Заки Валидовпен байланысты болу;

3. Ферғанадағы басмачтармен байланыста болу;

4. Жауапты қызметкерлерге террористік актілер ұйымдастыру үшін жастардың жауынгерлік топтарын құру;

5. Байлармен байланыс орнату үшін «Алқа» үйірмесін құру, жастардан әскери кадрлер даярлау;

6. Қазақстанда отырықшыландыру, байларды кәмпескелеу, ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, ет-сүт дайындау науқандарын болдырмау және осы мақсатта кеңес аппаратының қызметкерлерін пайдалану.

7. Кеңес өкіметін құлату мақсатында қарулы көтеріліске дайындалу;

8. Кеңес өкіметіне қарсы насихат жұмыстарын жүргізу [18, б. 172].

4. Қорытынды.

Алаш бағдарламасын зер сала қарайтын болсақ, мына төмендегі мәселелерді айтуға болады: қазақ автономиясында жерсіз қазақ бұқарасы жер еншісін алып болғанша переселендердің келуін тоқтату; атты қазақтардың жерге ерекше құқықтарын біржола жою; жерді сатуға тиым салу; большевиктердің тап күресі туралы теориясын қолдамау; ұлттық бірлік орнату; жұртқа беделді өкімет сайлау.

Отарлық езгі жағдайында тұрақты әскері болмаған қазақ қоғамынынан құралған, бірде ақтардан, бірде қызылдардан алақан жайып жүріп алған азын-аулақ қаруынан басқа түгі де жоқ Алаш қолдары үлкен, басқа біреуге қауіп төндіретіндей елеулі әскери күшке айнала алған жоқ-ты. Қазіргі таңда ашып айтуға тура келетін шындық-кеңестік биліктің алғашқы жылдарынан-ақ бастау алатын ұлттық еркіндік идеясына қарсы жүргізілген стратегиялық саясат жатқандығы. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Қазақстандағы қызметін ұлт-азаттық қозғалыс пен күреске бейімдеген ОГПУ қызметі соның айғағы. Сондықтан да 20 жылдары-ақ ұлттық интеллигенцияға қарсы басталған репрессияға алдымен алаштық деп аталатын, ал шын мәнінде ұлт-азаттық интеллигенцияның ұшырауы таңданыс тудырмаса керек.

Батыс Алаш Орданың құрған мемлекеті арнайы құжаттарда «Ойыл уәлаяты» (оляят)

деп аталды. Орталығы Жымпиты еді. Қысқа мерзім ішінде бұл елді мекен белсенді әскери-саяси, экономикалық орталыққа айналды. Бұл үкімет қазақтың дербес, автономиялық құрылымы болып саналды. Оған: әскер жасақтау («халық милициясы»); өздерінің әкімшілік басқару органдарының болуы; (күзет және түрме, прокуратура және сот, банктер мен телеграфтың) мүмкіндік туғызды.

Әрине, бұл шаралардың нәтижелі іске асуына Жаханша мен оның серіктестерінің еңбегі екенін ерекше атауымыз қажет. Бұл олардың саяси мәселелерде дұрыс шешім таба білетіндігінің нәтижесі еді.

Қолда бар дереккөздерді жан-жақты талдай отырып, 1919 жылдың 12 желтоқсанында Батыс Алаштың қызылдарға берілмеуімен жалпы Алашорданың өмір кезеңі аяқталды [29, б. 63]. Сонда Алаш Орда іс жүзінде 1918 жылдың ортасынан 1919 жылдың желтоқсанына дейін, бас-аяғы жыл жарымдай ғана өмір сүрген болып шығады.

Екіншіден, бұл материалдарды қарағанда біз Алаш ардақтыларына қатысты бірқатар тың деректерді кездестірдік. Оның қатарында бұлардың туған жылы, білімі, қызметі, тағылған айыптаулар т.б. туралы еді. Соның бірі Жаханша Досмұхамедовке байланысты. Жаханша 1887 жылы дүниеге келген деген біздің ойымызды бұл мәлімет тағы да айқындады. Ендеше есімдері ұзақ уақыт аталмай, бар өмірлік мұраттарының бағасы лайықты бағаланай келген, қазақ халқының тарихындағы жарқын тұлғалардың жасампаз еңбегін жарқыратып көрсетер кез осы болмақ.

«Алаштың» негізін салушылар, азамат соғысының жағдайына бейімделе отырып, патриоттар ретінде қазақ халқының мүддесін қорғау саясатын іске асыру әрекетін жасады. «Алаш» идеологиясы көп жағдайда қазіргі демократиялық федерализм идеясына, құқықтық басымдылық пен саяси плюрализм

жағдайында қазақ халқының мүддесін есепке алуға жақын» [30, б. 171].

Өкінішке орай Совет өкіметі Алашорда басшыларына 1920 жылы кешірім жасағанымен, біз кешірім жасамадық, білсекте, білмесекте жамандап келдік. Бүгінгі таңда Алашорда басшыларына осы заманның өлшемімен де, баяғы отызыншы жылдардың көзқарасымен де қарауға болмайды, ол тарихымызға қиянат болады. Оларға 1917 жылдан кейінгі істерін патша заманындағы жұмыстарынан бөліп алып қарамай, тұтас алып, олардың іс-әрекетін байыпты қарап, байсалды баға берген жөн.

Батыс Алаш зиялылары да отарлық езгі жайындағы аяқ-асты болып келген ұлттық мүддені қорғай алатын ұлттық мемлекеттік құрылымының болуына атсалысты. Осы жолда істеуге тиісті қажетті шараларға большевиктердің таптық пролетарлық интернационализм принциптерінің негізге алынуы кедергі болатынын жақсы түсіне білді, оны қолдамады. Жергілікті жерлерде қазақтардың және Совет өкіметін орнатушы большевиктердің саясатын жан-жақты қолдамай, халықтың қаң-төгісін болдырмау мақсатында екі жақпен уақыт созу әрекетін жасай отырып, ұлттық мемлекет құрылымын тездетуге тырысты. Жаңадан ашылған материалдарды қарағанда біз Алаш ардақтыларына қатысты бірқатар тың деректерді кездестірдік. Оның қатарында бұлардың туған жылы, білімі, қызметіне тағылған айыптаулар т.б. туралы еді. Соның бірі Жаханша Досмұхамедовке байланысты. Жаханша 1887 жылы дүниеге келген деген біздің ойымызды бұл мәлімет тағы да айқындады. Ендеше есімдері ұз ақ уақыт аталмай, бар өмірлік мұраттарының бағасы лайықты бағаланбай келген, қазақ халқының тарихындағы жарқын тұлғалардың жасампаз еңбегін жарқыратып көрсетер кез осы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы / Сейдімбек А., Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлы. – Астана: «Фолиант», 2012. – 248 б.

- 2 Аманжолова Д.А. Алаш исторический смысл демократического выбора / Д.А. Аманжолова. – Алматы: Таймас, 2013. – 400 с.
- 3 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттың саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер / Қойгелдиев М. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 4 Байтурсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. – 1919. – С. 6.
- 5 Қазақстан Республикасы Президент Мұрағаты (бұдан әрі қарай ҚР ПМ). – 811 қор. – 23 тізбе. – 171 іс. – 218а іс. – 217 іс.
- 6 Қыдыралиев Д.Қ. Мұстафа Шоқай / Д. Қыдыралиев. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- 7 Суханбердина У., Дәуітов С., Сахов Қ. «Қазақ газеті» / У. Суханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
- 8 «Алаш» партиясының программасының жобасы // «Қазақ газеті». – 1917. – № 251. – С. 11.
- 9 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (бұдан әрі қарай ҚР ОММ). – 17 қор. – 1 тізім. – 1 іс.
- 10 Ресей Федерациясының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (РФ ОММ). – ф.1318. тізбе 1. – 436 іс.
- 11 Уяма Тамахио. Эволюция идеи автономии алаш на волне общероссийских политических событий до и во время революции // Сб. статей МНК «От алаша к независимости национальной консолидации Казахстана. – Уральск, – 2017. – С.315-325.
- 12 Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж. XX ғасыр басындағы саяси партиялар мен қозғалыстар қызметінде ұлттық мемлекеттік идеясының қалыптасуы / Т.Қ. Мекебаев, Ж.Ж. Құмғанбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 244 б.
- 13 Мартыненко А. Алаш Орда (сб. документов) / А. Мартыненко. – Алматы: «Айқап», – 1992. – 192 с.
- 14 Аманжолова Д. Советский проект в Казахстане: власть и этничность, 1920-1930-е гг. / Д. Аманжолова. – Москва: Институт российской истории РАН, 2019. – 488 с.
- 15 Забих Ш.А. Жаханша Досмұхамедов – правовец, политик, цивилист: монография / Ш.А. Забих. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 208 б.
- 16 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп толықтырылған екінші басылымы, - Алматы: Мектеп баспасы, – 2021. – 480 б.
- 17 Рысбеков Т.З., Шинтимирова Б.Г. Жанша Досмұхамедов и его отношение Советской власти // ASEAD 7. Ulusrarasi sosyal bilimler sempozyumu ejser 7th international symposium on social sciences 10-12 nisan/april 2021 Kemer – Antalya, – Б.185-192.
- 18 Мажитов Р. Жаханша Досмұхамедов / Р. Мажитов. – Алматы: Арыс, 2007. – 216 с.
- 19 Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары / Рысбеков Т. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 528 б.
- 20 Орал қаласының тарихы // Кітапты жалпы редакциялап, өңдеген т.ғ.д., профессор, ҚЖМ ҰҒА академигі және ҚР ҰҒА құрметті академигі Т.З. Рысбеков. – Алматы: Liber баспасы, 2021. – 416 б.
- 21 Кенжеғалиева Г. Жаханша Досмұхамедов // Караван, 2018. 16 январь. - С.6.
- 22 ҚР ОММ. – ф.1227. – тізбе 1. – 7 іс.
- 23 Әбдіғалиұлы Б. Алаш әскері. 1918-1920 жж. / Б. Әбдіғалиұлы. – Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институты, 2017. – 392 б.
- 24 Сейфуллин С. Тернистый путь / С. Сейфуллин. – Алматы: Жазушы, 1975. – 432 с.
- 25 Рысбекова С.Т., Рысбеков Т.З., Шинтимирова Б.Г. Алашорда үкіметінің ақ казактар мен ұлттық әскери жасақтар құру жолындағы жүргізген шаралар // Алашорда қозғалысы: қазақ мемлекетігі идеясының дамуына ықпалы: Алаш-Орданың құрылғанына 100 жыл толуына және Батыс Алаш Орда көсемдерінің қызметтеріне арналған ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал, 2017. – Б. 5-8.
- 26 ҚР ОММ. – ф. 693. – тізбе 1. – іс 20.
- 27 Дулатов М. Әдеби мәжіліс // Ақ жол, – 1924. – № 6. – Б. 448-449.
- 28 Рыскулов В.В. Председатель Западного отделения Алаш-Орды Д. Досмұхамедов и судьба казахской интеллигенции в период сталинской репрессий // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана: Ежегодник. Вып. IV. – Уральск: Центр истории и археологии, – 2017. – Б. 288.
- 29 Рысбеков Т. Көзқарас / Т. Рысбеков. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2007. – 240 б.
- 30 Чжен Нань. Движение Алаш – значение и влияние // Социально-политические науки. – 2017. – № 2. – Б.169-171.

Туякбай З. Рысбеков^а, Салтанат Т. Рысбекова^б, Баян Г. Шинтимиров^в

^аЗападно-Казахстанский университет им. Утемисова, Уральск, Казахстан

^{б,в} Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан

Западный Алаш и его роль на пути к идее казахской государственности.

Аннотация. В условиях современного развития независимого Казахстана, ученые уделяют особое внимание проблеме дифференциации еще не раскрытых и изучаемых страниц нашей истории, несмотря на кризис мировой экономики, пандемию и другие трудности. Среди них особое место занимают: «голод в Казахстане 20-30 - х годов» и «история Алаш Орды».

В связи с новыми требованиями, предъявляемыми к общественным наукам, увеличением доступа к ранее закрытым архивным документам, историки вносят значительный вклад для ликвидации пробелов в истории Казахстана. В последние годы, в результате активной работы деятелей культуры, Казахстану были возвращены имена многих общественно-политических и культурных деятелей, необоснованно названных в период сталинского культа личности.

Лидеры национального движения начала XX века - вожди Алаш Орды, которые отстаивали справедливость, равенство и национальную государственность в казахской степи.

Главными целями «движения Алаш» являются - сохранение нации, обеспечение ее целостности, недопущение ее разделения на классы и группы, возрождение казахской государственности, возвращение захваченных земель казахским крестьянам, установление полного равенства всех проживающих на территории Казахстана, создание национального воинского отряда и др.

Воссоздание исторической картины прошлого - одна из основных задач исторической науки на сегодняшний день. Значительное место в исторической картине прошлого занимает история национальных движений конца XIX-начала XX века. Прежде всего, важную роль в истории играет движение Алаш в Казахстане.

В статье авторы рассматривают огромный труд Западного Алаша и одного из его вождей Жаханши Досмухамедова, являющегося лидером движения «Алаш Орда».

Ключевые слова: Западный Алаш; Жаханша Досмухамедов; автономия Алаш; правительство Уилского уаялыты; годы репрессий.

Tuyakbai Z. Rysbekov^a, Saltanat T. Rysbekova^b, Bayan G. Shintimirova^c

^aM. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

^{b,c}West Kazakhstan innovative Technological University, Uralsk, Kazakhstan

West Alash and its role on the way to the idea of Kazakh statehood

Abstract. In the modern development of independent Kazakhstan, despite the global economic crisis, the pandemic, and other difficulties, scientists pay special attention to the problem of differentiation of the pages of our history that have not yet been opened and thoroughly studied. And particular importance among them is attached to famine in Kazakhstan in the 1920s and 1930s and the history of Alash Orda.

In connection with the new requirements for the social sciences and increased access to previously closed archival documents, historians make a significant contribution to the elimination of «white spots» in the history of Kazakhstan. In recent years, as a result of activities of the creative community of the Republic of Kazakhstan, the names of many social, political and cultural figures, unreasonably punished during the period of Stalin's cult of personality, have been returned.

The leaders of the national movement in the early 20th century were the leaders of Alash Odra, who defended justice, equality, and national statehood in the Kazakh steppe.

The main goals of the Alash movement were the following: preservation of the Kazakh nation, ensuring its integrity, preventing its division into classes and groups; the revival of the Kazakh statehood; return of the seized lands of the Kazakh peasantry; establishment of complete equality of all the nations living in the territory of Kazakhstan; creation of a national military detachment, etc.

Complete and realistic reconstruction of the past history is one of the main tasks of historical sciences today, including the history of national movements of the late 19th and early 20th centuries that occupies a significant place. This relates, first of all, to the Alash movement in Kazakhstan.

In this article, the authors describe West Alash, which was Alash Orda's part, and Zhahansha Dosmukhamedov, who was one of its leaders, and his hard work on the way to realizing all these goals.

Keywords: Western Alash; Zhahansha Dosmukhamedov; Alash autonomy; Oiyul ualayati government; years of repression.

References

- 1 Sejdimbek A., Abzhanov H., Salgarauly K. Ul'tytk ideya: tarihi tagdyry men bolashagy [National idea: historical fate and future], (Foliant, Astana, 2012, 248 p.), [in Kazakh].
- 2 Amanzholova D.A. Alash istoricheskij smysl demokraticeskogo vybra [Alash: The Historical Meaning of Democratic Choice] (Tajmas, Almaty, 2013, 400 p.), [in Russian].
- 3 Kojgeldiev M.K., Ul'tyn sayasi elita. Kyzmeti men tagdyry (XVIII-XX g.) [The political elite of the nation. Activity and destiny (XVIII-XX c.)] (Zhalyn, Almaty, 2004, 400 p.), [in Russian].
- 4 Bajtursynov A. Revolyuciya i kirgizy. Zhizn' nacional'nostej [Revolution and the Kirghiz. Life of Nationalities], 1919. P. 6, [in Russian].
- 5 Kazakstan Respublikasy Prezident Muragaty (budan ary karai KR PM) [Archive of The President of The Republic of Kazakhstan] (the following AP RK). (811 fund, 23 list, 171 case, 218a case, 217 case), [in Kazakh].
- 6 Kydyraliev D.K. Mustafa Shokaj [Mustafa Shokai] (Foliant, Astana, 2007, 320 p.), [in Kazakh].
- 7 Suhanberdina U., Dauitov S., Sahov K. «Kazakh gazeti» [Kazakh newspaper] («Kazakh enciklopediyasy», Almaty, 1998, 560 p.), [in Kazakh].
- 8 «Alash» partiyasynyn programmasynyn zhobasy [Alash project of the party program] Kazakh newspaper, 1917. No. 251. P. 11, [in Kazakh].
- 9 Kazakstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Muragaty (budan ary karai KR OMM) [Central State Archive of The Republic of Kazakhstan] (the following CSA RK), (17 fund, 1 list, 1 case.), [in Kazakh].
- 10 Resej Federaciyasynyn Ortalyk Memlekettik Muragaty (RF OMM) [Central State Archive of The Russian Federation] (CSA RF) (F.1318, 1 list, 436 case), [in Kazakh].
- 11 Uyama Tamahiko. Evolyuciya idei avtonomii alash na volne obshcherossijskikh politicheskikh sobytij do i vo vremya revolyucii [The evolution of the idea of Alash autonomy in the wake of All-Russian political events before and during the Revolution] (Sb. statej MNK «Ot alasha k nezavisimosti nacional'noj konsolidacii Kazahstana»), [collection of articles of ISC «from Alash to the independence of the national consolidation of Kazakhstan»], Ural'sk, 2017. P. 315-325, [in Russian].
- 12 Mekebaev T.K., Kumganbaev ZH.ZH. XX gasyr basyndagy sayasi partiyalar men kozgalystar kyzmetinde ul'tytk memlekettilik ideyasynyn kalyptasuy [Formation of the idea of national statehood in the activities of political parties and movements at the beginning of the XX century] (Kazakh universiteti, Almaty, 2018, 244 p.), [in Kazakh].
- 13 Martynenko A. Alash Orda (sb. dokumentov) [Alash Orda collection of documents] («Ajkap», Almaty, 1992, 192 p.), [in Russian].
- 14 Amanzholova D. Sovetskij proekt v Kazahstane: vlast' i etnichnost' [The Soviet project in Kazakhstan: Power and Ethnicity, 1920-the 1930s] (Institut Rossijskoj istorii RAN, Moscow, 2019, 488 p.), [in Russian].
- 15 Zabih Sh.A. Zhahansha Dosmuhamedov - pravoved, politik, civilist: monografiya [Zhahansha Dosmuhamedov – jurist, politician, civilist: monograph] (Kazakh universiteti, Almaty, 2020, 208 p.), [in Russian].
- 16 Koigeldiev M. Alash kozgalysy. Birinshi tom. Ondelip tolyktyrylgan ekinshi basylymy [Movement of Alash. The first volume. Edited and supplemented second edition] (Mektep baspasy, Almaty, 2021, 480 p.), [in Kazakh].
- 17 Rysbekov T.Z., Shintimirova B.G. Zhahansha Dosmuhamedov i ego otnoshenie Sovetskoj vlasti [Rysbekov T.Z., Shintimirova B.G. Zhahansha Dosmukhamedov and his attitude to Soviet power] ASEAD 7. Uluslararası sosyal bilimler sempozyumu ejser 7th international symposium on social sciences 10-12 nisan/april. Antalya. 2021. P. 185-192, [in Russian].

- 18 Mazhitov R. Zhahansha Dosmuhamedov [Zhahansha Dosmuhamedov] (Arys, Almaty, 2007, 216 p.), [in Kazakh].
- 19 Rysbekov T. Tarihi tulgalar: uakyt zhane omir zholdary [Historical figures: time and ways of life] (Abzal-aj, Almaty, 2014, 528 p.), [in Kazakh].
- 20 Oral kalasynyn tarihy [History of Uralsk] the book was edited by d.h.s., professor, academician of the NAS of the KHS, and honorary academician of the NAS of the RK T. Z. Rysbekov. (Liber Publication, Almaty, 2021, 416 p.), [in Kazakh].
- 21 Kenzhegalieva G. Zhahansha Dosmuhamedov [Zhahansha Dosmuhamedov], Karavan, 16 January 2018. P.6, [in Kazakh].
- 22 KR OMM [CSA RK] F.1227, list 1, 7 case. [in Kazakh]
- 23 Abdigaliuly B. Alash askeri. 1918-1920 zhzh. [Alash Army 1918-1920s] (Kazakstan Respublikasy Prezidenti zhanyndagy Kazakstan strategiyalyk zertteu instituty, Astana, 2017, 392 p.), [in Kazakh].
- 24 Seifullin S. Ternistyj put' [Thorny path] (Zhazushy, Almaty, 1975, 432 p.), [in Russian].
- 25 Rysbekova S.T., Rysbekov T.Z., Shyntemirova B.G. Alashorda ukimetinin ak kazaktar men ulttyk askeri zhasaktar kuru zholyndagy zhyrgizgen sharalar. Alashorda kozgalysy: kazakh memleketigi ideyasynyn damuyna ykpany: Alash-Ordanyn kurylganyna 100 zhyl toluyna zhane Batys Alash Orda kosemderinin kyzmetterine arналган gylymi-tazhribelik konferenciya materialdary [Measures taken by the Alashorda government to create white Cossacks and national military units. Alashorda movement: the impact on the development of the idea of Kazakh statehood: Proceedings of the scientific-practical conference dedicated to the 100th anniversary of the Alash Horde and the activities of Western Alash Horde leaders] Uralsk. 2017. P. 5-8, [in Russian].
- 26 KR OMM [CSA RK] F.693. list 1. 20 case, [in Kazakh]
- 27 Dulatov. M. Adebі mazhilis [Literary meeting], Akzhol, 1924. No. 436. P.448-449.
- 28 Ryskulov V.V. Predsedatel' Zapadnogo otdeleniya Alash-Ordы D.Dosmuhamedov i sud'b kazahskoj intelligencii v period stalinskoj repressij Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana: - Ezhegodnik. Vyp. IV. pod.red. M.N. Sdykova [Chairman of the Western branch of the Alash-Orda D. Dosmukhamedov and the fate of the Kazakh intelligentsia during the Stalinist repression. Questions of history and archeology of Western Kazakhstan: - Annual. Issue. IV], Centre of the History and Archeology. Ural'sk. 2017. P. 288, [in Russian].
- 29 Rysbekov T. Kozkaras [Kozkaras] (publishing centre of M.Otemisov WKU Uralsk, 2007, 240 p.), [in Kazakh]
- 30 Chzhen Nan'. Dvizhenie Alash – znachenie i vliyanie. Social'no-politicheskie nauki [Alash movement - meaning and influence. Socio-political sciences] 2017. No. 2. P.169-171, [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер:

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан.

Рысбекова Салтанат Тұяқбайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан.

Шинтимирова Баян Габбасқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан.

Rysbekov Tuyakbay Zeitovich – Doctor of Historical Sciences, professor, Honorary Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan.

Rysbekova Saltanat Tuyakbayevna – Doctor of Historical Sciences, West Kazakhstan Innovative Technological University, Uralsk, Kazakhstan.

Shintimirova Bayan Gabbasovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, West Kazakhstan innovative Technological University, Uralsk, Kazakhstan.